

"Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2013 жылғы 16 шілдедегі N 19/2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда қалалық мәслихатының 2014 жылғы 18 ақпандағы N 26/3 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 27 ақпанда N 4604 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 2016 жылғы 01 ақпандағы N 53/2 шешімімен

Ескерту Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 01.02.2016 N 53/2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2013 жылғы 16 шілдедегі N 19/2 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2013 жылғы 13 тамызда N 4490 тіркелген, " Ақмешіт ақшамы" газетінде 2013 жылғы 21 тамыздағы N 34 (1004), "Ел тілегі" газетінде 2013 жылғы 21 тамыздағы N 34 (298) жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда қалалық
мәслихаттың кезектен тыс
XXVI сессиясының төрайымы
Қызылорда қалалық
мәслихатының хатшысы*

Г. ЖҰМАШЕВА

И. ҚҰТТЫҚОЖАЕВ

Қызылорда қалалық мәслихатының
2014 жылғы "18" қаңтардағы
кезектен тыс XXVI сессиясының
N 26/3 шешіміне қосымша
Қызылорда қалалық мәслихатының

**Қызылорда қаласы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер
және демонстрациялар өткізу үшін орындар**

1. Облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының аумағындағы саябақ (Е. Әуелбеков көшесі, N 41).
2. М.Ералиева атындағы мәдениет үйі ғимаратының алдындағы алаң (Ә. Қашаубаев көшесі, нөмірсіз).
3. Тасбөгет кентіндегі "Жеңіс" саябағы.